

МРНТИ: 15. 81.21

10.51889/2959-5967.2024.80.3.007

Д.М. Советканова*¹  Б.А. Тұрғынбаева¹ 

**¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы қ.
(E-mail: Dami_88@list.ru)*

ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНЫНДА РЕСМИ ЖӘНЕ БЕЙРЕСМИ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Аңдатпа

Қазіргі таңда әрбір адам өзінің қызығушылықтарына, қабілеттіліктеріне байланысты қандай да бір маман болуына ықпал етуіне ықпал қажет. Бір мамандықты игеру үшін адам арнайы жоғары оқу орындарына түсіп, сол мамандық бойынша қажетті білім, іскерлік пен дағдыны меңгереді. Дегенмен, қазіргідей жылдам дамып жатқан қоғамда адамдарға қосымша мамандықтар алу, ұтқырлық дағдыларын меңгеріп, іскерлік таныту аса қажет сапаларға айналуға.

Біздің елде өмір бойы білім арудың мүмкіндігін тудыратын Lifelong learning үздіксіз білім берудің тұжырымдамасы қабылданған. Ол білім жүйесінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Жаһандық білім беру кеңістігінде ақпараттық технологияның жылдам дамуымен байланысты заманауи маманның ең басты қасиеті – жаңа дағдылар мен құзіреттілікті игеруге және оқуға деген ұмтылысы мен құштарлығы. Осы сұранысты ресми және бейресми білім арудың көмегімен жүзеге асыруға болады. Жалпы үздіксіз білім беру, ресми, бейресми және ақпараттық болып бөлінсе, барлық деңгейлер мен форматтарды біріктіретін нұсқа — білім беру триадасы ретінде қабылданады. Ал мұндай білім алушылар жаңа білімдерді, құзыреттерді игеруге ықпал ететін психологиялық қасиеттерге ие болады.

Кәсіби ұтқырлықтың көрінісіне жататын, жаңа жағдайға тез бейімделу, өзін қайта құру қабілетіне негізделген, бір кәсіби позициядан екіншісіне бағытталуы арқылы қосымша мамандықтарды игеруге даяр болудың біз көтеріп отырған мәселені шешуді қарастыруда басты фактор бола алады.

Түйін сөздер: үздіксіз білім беру, ресми және бейресми білім, қабілет, дамыту, психологиялық астарлар.

Советканова Д.М.*¹  Тұрғынбаева Б.А.¹ 

**¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г.Алматы, Казахстан*

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ВЫСШИХ ФОРМАЛЬНЫХ И НЕФОРМАЛЬНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Аннотация

В настоящее время необходимо способствовать тому, чтобы каждый человек становился тем или иным специалистом в силу своих интересов, способностей. Для освоения одной специальности человек поступает в специальные высшие учебные заведения и приобретает необходимые знания, умения и навыки по этой специальности. Тем не менее, как и сейчас, в быстро развивающемся обществе приобретение дополнительных профессий, приобретение навыков мобильности и деловой идентичности становятся необходимыми качествами.

В нашей стране принята концепция непрерывного образования Lifelong learning, позволяющая получать образование в течение всей жизни. Она является важной частью системы образования. Главной чертой современного специалиста, связанной с быстрым развитием информационных технологий в глобальном образовательном пространстве, является стремление и страсть к приобретению и обучению новых навыков и компетенций. Данный запрос можно осуществить с помощью формального и неформального образования. Общее непрерывное образование, разделенное на формальное, неформальное и информационное, воспринимается как образовательная триада, объединяющая все уровни и форматы. А такие обучающиеся будут обладать психологическими качествами, способствующими овладению новыми знаниями, компетенциями.

Готовность освоить дополнительные специальности посредством быстрой адаптации к новым условиям, переориентации с одной профессиональной позиции на другую, основанной на способности перестраиваться, может стать главным фактором в рассмотрении решения поднимаемой нами проблемы.

Ключевые слова: непрерывное образование, формальное и неформальное образование, умение развивать, психологические основы.

D.M. Sovetkanova*¹  B.Turgunbayeva.¹ 

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

PSYCHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF STUDENTS IN HIGHER FORMAL AND NON-FORMAL PEDAGOGICAL EDUCATIONAL INSTITUTIONS

Abstract

At present, it is necessary to promote that each person becomes one or another specialist by virtue of his interests and abilities. To master one specialty, a person enters special higher educational institutions and acquires the necessary knowledge, skills and abilities in this specialty. Nevertheless, as now, in a rapidly developing society, the acquisition of additional professions, the acquisition of mobility skills and business identity are becoming necessary qualities.

Our country has adopted the concept of Lifelong Learning, which allows you to receive education throughout your life. It is an important part of the education system. The main feature of a modern specialist associated with the rapid development of information technology in the global educational space is the desire and passion to acquire and train new skills and competencies. This request can be made through formal and non-formal education. General continuing education, divided into formal, informal and informational, is perceived as an educational triad that unites all levels and formats. And such students will have psychological qualities that contribute to the acquisition of new knowledge, competencies.

Readiness to master additional specialties through quick adaptation to new conditions, reorientation from one professional position to another, based on the ability to rebuild, can become the main factor in considering a solution to the problem we raise.

Key words: continuous education, formal and informal education, ability to develop, psychological foundations.

Мақала АР 22686317 «Ресми және бейресми білім беру интеграциясы жағдайында магистранттардың дәрежелерін өсіру (Stackable degree) моделін жасау» тақырыбында ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру аясында жазылды.

КІРІСПЕ

Еліміздегі қазіргі кездегі білім жүйесіндегі үздіксіздік, толассыздық үрдісі аса маңызды фактор ретінде қарастырылуда. Зерттеушілер Ж.Е.Иманчиев, Г.Шаумен үздіксіз білім берудің тоқтаусыздығына тоқтала келе, оның ерекшелігі ретінде кез келген тұлға үшін ашықтығын, қолжетімділігін атап өтеді. Сонымен қатар білім алушылардың жас ерекшеліктері мен әлеуметтік мәртебесіне қарай мамұнын, ұсыну тәсілдерінің өзгеріп отыру, сол арқылы білім алушыларды жаңа жағдайларға дайын болуын қамтамасыз ету мүмкіндігінің бар екендігіне тоқталады [1].

Үздіксіз (өмір бойы) оқуға деген ұмтылыс көптеген ғасырлар бұрын пайда болған, жаңа білім алу қажеттілігі туралы ой Киелі кітапта, Құранда және басқа да ежелгі жазбаларда айқын көрініс тауып, бүгінде адамның іс әрекеттерінің негізгі түрі болып отыр. Тоқтаусыз білімнің негізі ұлы философтар Сократ, Платон еңбектерінен бастау алады. Қазіргі кездегі «өмір бойы білім» ұстанымын білімнің үздіксіздігі идеясының заңды жалғасы деуге болады. Бұл идеяның философиялық мәні адам өмірінің объективті өзгергіштігі және қажеттілігінен туындап жатқан, өмірдің болып жатқан өзгерістеріне сәйкес бейімделуде жатыр. Римдік саяси қайраткер және философ Сенеканың «ғасыр өмір сүрсең, ғасыр үйрен» - деген тұжырымында осы жаңа заманның талаптарына сай жаңа білік дағдыларды меңгеруден туындайтын тұлғаның мақсатты әрекеті жайындағы ой жатқандығы ақиқат.

Бүгінгі білім беру жүйесінде «өмір бойы білім алу», «үздіксіз білім беру» сияқты ұғымдар түрлі анықтамалармен белгіленген. Мысалы, ЮНЕСКО таратқан ақпараттар бойынша, үздіксіз білім беру ұғымына қатысты жиырмаға жуық түсіндірмелер қолданылады. Олардың бірінде кез - келген уақытта, кез- келген орында тұлғаның өздігінен білім алуға мүмкіндігінің болуы деп сипатталған. Бұған қатысты зерттеушілер келтірген тұжырымдарда бұл мәселенің пайда болуы ең алдымен қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық факторлардың талап етуімен, шығармашылық ізденіс пен өз бетімен үздіксіз білім алуға бейім тұлғаларға деген сұраныстың артуымен байланыстырылады. Ол өз кезегінде әлемді танып-білуге деген қызығушылық және рухани қажеттілік адамды үздіксіз өздігінен білім алуға деген ұмтылысқа әкелетіндігі атап өтіледі [2].

Ю.Н. Кулюткиннің пікірі бойынша ересек білім алушылар жастық шақ немесе жетілу кезеңіндегі адамдар. Олар тәуелсіз, өз бетінше шешім қабылдауға қажетті қабілеттері қалыптасқан жандар [3]. Біз қарастырып отырған жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесінің әр білім баспалдағындағы: студенттер, магистранттар мен докторанттар көтеріліп отырған мәселенің нағыз кейіпкерлері деп қарастыруға әбден болады деп санаймыз.

Американдық ғалым ересектер білімі немесе андрагогиканың негізін салушылардың бірі, білім беру саласындағы көрнекті қайраткер М.Ш. Ноулз, - ересек адам ресми және бейресми жолдармен алған білімдерін өзгермелі жағдайларда қолдана алатын және негізгі құзыреттілігі болып саналатын өмір бойы өзін-өзі оқытуға ынталы, мүдделі адамдар деген пікірін білдіреді [4]. Бұл пікірдегі түйінді ойлар «ресми және бейресми білім» ұғымдарын талдауды қажет етеді.

Үздіксіз білім беру ресми, бейресми және ақпараттық құрамалардан тұрады. Олардың әрқайсысына тоқтаар болсақ, *ресми білім* – ол белгілі мерзімде өтуге лайықталған, күтілетін нәтижелер айқындалған арнайы оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылып, оны аяқтаған түлекке мемлекеттік немесе халықаралық үлгідегі диплом табысталуымен ерекшеленеді. Білім алудың бұл формасы мемлекет пен қоғам тарапынан реттеледі және белгілі бір стандарттар, заңдық күші бар құжаттармен қадағаланады. Ресми білім алып, оның толық курсы аяқтағаны туралы құжат түлектің кәсібіне сәйкес оқыған курсы бойынша төленетін еңбек қызметімен айналысуға, жоғары деңгейдегі лауазымдық қызметтерді атқаруға және әрі қарай білім алу үшін оқу орындарына түсуге, т.б. толық құқық береді. Мұндай ресми білім орта мектеп, колледждер және жоғары оқу орындарында оқу арқылы алынады және адамның өмірінің кезеңдерінде пайда болған жаңа қосымша білімге қажеттілікті қанағаттандыруды қамтамасыз етеді

Бейресми білім мемлекет – с білім адамның өмірінің кезеңдерінде пайда болған жаңа, қосымша білімге қажеттіліктерді қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Білім алудың бұл

формасы арнайы оқу орынының болуын қажет ете бермейді. Білім алу уақыты мен мерзімін белгілеуде оған қатысушылардың тілектері ескеріледі. Бейресми білім клубтар, үйірмелер, әр түрлі курстар, тренингтер, қысқа мерзімді бағдарламаларды игеру, шеберлік сыныптары немесе семинарларда, бұқаралық ашық онлайн курстарда (БАОК) оқу арқылы игеріледі.

Бейресми білімнің негізгі мақсаты - ересек адамның кәсіби біліктілігін көтеру мен жаңа білім мен технологияларды игеруі үшін жағдай жасау. Мұндай білім адамның жасына (жас, ересек, егде жастағы, т.б.), қызмет саласына, т.б. қарамай, өз қалау бойынша кәсіби құзиреттіліктері мен өзін тұлғалық тұрғыда жетілдіруіне мүмкіндік береді. Ең басты басымдылығы – ол оның қол жетімділігінде.

Бейресми білім алудың негізгі міндеттері: «аяқталатын білім» тұжырымдамасынан «өмір бойына үздіксіз білім алу» тұжырымдамасына көшу; тұлғаның танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру; соған сәйкес ересектерге білім беру қызметін ұсыну; бұрын алынған кәсіби білім мен дағдыны жетілдіру мен тереңдету және жан-жақты кеңейту мен қолдау үшін азаматтардың кәсіби біліктіліктерін көтеру; білім беру бағытының жекелік, икемділік, ыңғайлылық түрлерін қалыптастыру болып табылады.

Бейресми білім беру бағдарламалары тұлғалардың өмірлік және кәсіби қажеттіліктері мен сұраныстары негізінде түзіледі. Бұл формадағы білім беруді ұйымдастырушылар мен білім беру мекемелері оқыту мазмұнын сұранысқа сай өзгерте, жаңаларын жасай, технологияларды таңдай алады. Ресми және бейресми білім беру бағдарламаларының өзара кірігуі мен үйлестірілуі үздіксіз білімнің нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Келесі сипатталатын *ақпараттық білім алу* – бұл өзінің аталуында тұрғандай, тұлғаның әртүрлі ақпарат көздері арқылы өз бетінше білім алуын көрсетеді. Бұл ретте С.И. Ожегов сөздігіндегі «*өздігінен білім алу* – оқытушының көмегінсіз, өз бетінше дайындалудың барысында білім алу» деп анықталғандығына, түсіндірме сөздікте «*өздігінен білім алу* - оқытушының көмегінсіз, тұлғаның өз бетінше оқудың көмегімен алынған білімі» ретінде қарастырылғандығына назар аударуға кетуді жөн көрдік [6; 7].

Ақпараттық білім белгілі бір формада тыс, «кіріктірілген» оқыту болғандықтан, оны қарым-қатынас арқылы, бұқаралық ақпарат құралдарының, білім беру акцияларының әсерінен, кітап оқу кезінде, өз немесе басқалардың тәжірибесін түсіну кезінде алуға болады деп санаймыз.

Адамның қоғамның дамуынан туындаған қажеттіліктеріне сай тұрақты білім алу, даму жағдайында болып, табыстылыққа қол жеткізуі аталған үш бағыттың үйлесімділігінде, байланыстылығы мен бірін - бірі жалғастыра алу әлеуетінде деген болар едік.


Қазіргі білімінің басты міндеті – жылдам өзгеретін қоғамда еркін еңбек ете алу, толыққанды өмір сүре алу үшін адамдарды білім, білік, дағдымен қамтамасыз етіп, алған білімді өз мәселесін шешуде тиімді пайдалана алудың жолдарын меңгерту. Магистранттардың андрагогикалық субъектілігіне қатысты жүргізген зерттеуімізде біз үздіксіз білім әр адам қоғамның өзгерістеріне қарай бейімделе алуға, өзінің өмірлік, рухани күштерін өзгерте, сақтай, үстемелеп қоса алуға, өз шығармашылық әлеуетін өзінің дамытуына көмектесетін құрал екендігіне тоқталған едік [8].

Олай болса, қазіргі кезеңдегі үздіксіз білім берудің басты идеясы – тұлғаның өз өмірінде әрекет субъектісі ретіндегі тұрақты дамуын қамтамасыз етеді деуге әбден болады. Біз қарастырып отырған мәселе жоғары педагогикалық оқу орнында ресми және бейресми білім алушылардың психологиялық сипаттамаларына арналғандықтан, енді осы мәселеге көшеміз.

Алдымен өз тәжірибемізге сүйене отырып *студенттер* сипаттамасына тоқталар болсақ: олар жан-жақты, бастамашыл, өзін-өзі дамытуға мүдделі, белсенді, жаңалықтарға қызығушылығы жоғары, жігерлі, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, интернетті тек көңіл көтеру үшін ғана емес, сонымен қатар білім үшін де тиімді қолданады, уақытын көңілді өткізгенді ұнатады, жоғары курстарда жұмыс жасайтындары да кездесіп жатады. Негізінен ашық, қатысымшыл болғанымен көпшілігі университетінің өміріне белсенді қатыса бермейді.

Магистранттардың едәуір бөлігі осы баспалдақта білім алудың негізі болып танылатын өзіндік белсенділіктің; білімде өзін ынталандыру, өзін өзі ұйымдастыру, өзін өзі жүзеге асыру сияқты құрамаларды біріктіреді деген тұжырым жасалады. Бұл өз кезегінде олардың ғылымды

жасаудың әдіснамасы мен әдістерін меңгерулеріне, сол жолда өзін-өзі өзгертіп, субъектіліктің жаңа деңгейін бағындыруға негіз болады, мүмкіндік береді деп пайымдаймыз. Осы айтылғандарды сурет түрінде төмендегіше бейнеледік (1-сурет).



1-сурет Магистранттардың психологиялық сипаттамасы

Докторанттардың көпшілігі мақсаткерлікпен ілім мен ғылымды игеруге ынталылығын көрсетеді, өзінің әр ісінің нәтижелі болуын жоспарлай алып, оның жүзеге асыруда бастамашылдық танытады. Психология мен педагогика бойынша теориялық және практикалық білімдерін көрсете, қолдана алады, өзінің кәсіби қызығушылықтарын жинақтай, зерттеу әдістерін тандай біледі, инновациялық технологияларды қолдану, эксперимент жүргізу әдіснамасын біледі.

Дегенмен тәжірибе, өмір көрсетіп отырғандай олардың біраз бөлігінің бастамашылдығы жеткілікті дәрежеде көрінбей жататындығы жасырын емес. Докторанттар жоғары оқу орындары оқытушыларының, ғылыми жетекшілерінің «бұйрығын» күтіп, тек солардың нұсқаулығымен ғана білім алып, ғылым негіздерін меңгеруді дұрыс санайтындар жиі кездеседі. Өзіндік бастама көтеру, идея тудыру, ынталылық пен мақсаткершілік таныту жағы жеткіліксіз болып жатады.

Бұлар ресми білім алушыларға қатысты сипаттамалар болса, осы контингенттің ЖОО бейресми білім алу мүмкіндігі де өте жоғары деген болар едік. Атап айтсақ, әр адам өз қалауына қарай әртүрлі қосымша курстар, тренингтер, коучтар сияқты арнайы ұйымдастырылған, білімдік мақсаттағы шараларға қатысуда жоғары, одан кейінгі басқыштарда білім алушылардың қажеттеліктерін қанағаттандырудағы әлеуетін пайдалануға болады. Ол үшін үздіксіз білім алуға саналы адам ретінде өзі туралы, өз қабілеті, оқу материалын қабылдау ерекшелігі мен меңгеруі, ақпараттық қажеттілігі туралы қажетті білімдерінің болуы қажет. Өмірдегі өз орнын анықтау, өмірлік мақсатын айқындау, адам ретінде «Меннің» бар болуы, болғаны және болатыны үшін жауапкершілікті болуды қалауы керек. Сондай-ақ адамзат ұрпағының өкілі ретінде «Мен бармын, болдым, боламын», сондықтан «ойлаймын, жасаймын, сеземін, сезінемін» деген тілектерді қанағаттандыру үшін өз білімін жалғастырады.

Бейресми білім алушыны ерекшелейтін бес негізгі мінез-құлықты анықтап сипаттауға болады. Атап айтсақ:

1) ол өзін қажеттіліктерін басқара алатын, әр бастамасына жауапкершілікпен жұмыс жасай алатын тұлға;

2) ол тұрмыстық, кәсіби, әлеуметтік тәжірибе жинауы арқылы өзінің дамуының қайнар көзін өз бойынан табады;

3) оның білімге деген ынтасы, оқудағы іс-әрекеті арқылы өмірлік маңызды мәселелерді шешуге талаптануын және нақты мақсатқа жету жолын көрсетеді;

4) ол білім, білік, дағды сапаларын игеріп, оны іске асыруға талаптанады;

5) оның іс-әрекеті көп жағдайда уақытша, кеңістікті, кәсіби тұрмыстық әлеуметтік факторлармен тығыз байланысты.

Сонда адамның ресми және бейресми оқудағы мүмкіндіктері мен қабілеттері қандай? Олар табысты оқи ала ма? Бұл сұрақтардың тууы заңдылық. Оларға жауап беру үшін адамның оқуына тікелей әсер ететін физиологиялық, әлеуметтік тұрмыстық, өндірістік факторларды талдау қажет.

А. Роджерстің пікірінше, білім іс-әрекетіне қатысты неғұрлым өнімдісі үшінші аспект-ересекті осы жас кезеңіне тән белгілер мен мінездемелер тұрғысынан қарастыру [9].


Ағылшын ғалымы Алан Роджерс мұндай мінездемелердің үш тобын бөліп көрсетеді:

1. даму толымдығы немесе кемелдену («full growth»);

2. «келешекті сезіну» (қалыптасқан дүниетаным немесе бағалау туралығы «sense of perspective»);

3. өзін-өзі басқару не автономия (тәуелсіз) («autonomy»).

Сұлба түрінде ол былай көрінеді.



Сурет 2 - Ересек адам психологиясының дамуы (А. Роджерс бойынша)

Зерттеу тақырыбымызға қарай жоғары педагогикалық оқу орнында ресми және бейресми білім алушының психологиялық сипаттамсын зерттей келе, олардың кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының қаншалықты деңгейде қалыптасқанын анықтау міндеті тұрды. Енді осы жұмыстың нәтижелерін келтіреміз.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Тәжірибелік зерттеу жұмысымыздың мақсаты - магистранттардың өздігінен қосымша білім алуға даярлығын қалыптастырудағы ерекшелікті анықтау деп айқындалды.

Өздігінен білім алу тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруын нәтижелі етеді. Психолог ғалым Б.А.Оспанова өз еңбектерінде өзін-өзі жүзеге асыру – тұлғаға өзінің шығармашылық әлеуетін барынша іске асыруға мүмкіндік беретін, тұлғаның-маңызды мәселерді шешуге айқындалған мақсаттарға жетуге арналған, шығармашылық түпкі ойды жүзеге асыру үдерісі деп анықтаған. Бұл жолдардың авторы: өздігінен білім алу – адамның өзін қызықтыратын саласындағы білімді іздеумен және меңгерумен байланысты, белсенді, бағытталған, танымдық іс-әрекеті деп анықтама берген [10]. Бұл сипатамаға біз жоғары оқу орынының ресми және бейресми білім алушысы өздігінен білім алатын тұлға қатарына жатады деген пікірімізді білдіреміз.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүргізілген тәжірибелік жұмыстарға 75 магистрант қатысты. Біз зерттеу барысында магистранттардың кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру деңгейін анықтаумен бірге, олардың бүгінде жоғары оқу

орнындарындағы өздігінен қосымша білім алуға сол арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға деген көзқарастарын танып білуді мақсат еттік.

Ол үшін «Жеке тұлғаның жаңа қосымша білімдер алуға қабілеттілік деңгейін бағалау» атты тест сұрақтары әзірленіп жүргізілді.

Бұл әдіс болашақ маманның бойынан табылуға тиісті өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіріп, өзін-өзі дамыту, өзіндік іс-әрекетті басқару деңгейін анықтауға арналған.

Кесте 1 - Тұлғаның ресми және бейресми білім алу мүмкіндіктерін диагностикалау компоненттері мен сипаттамалары

<i>Зерттеу компоненттер</i>	<i>Сипаттамалар</i>
<i>1</i>	<i>2</i>
Өзін-өзі тәрбиелеу	Өзін-өзі тәрбиелеу - адамды дамытуға арналаған тәрбие үрдісі. Кез-келген тәрбие жүйесінде адам өзін әлеуметтік тұлға ретінде сезініп, қоғаммен және табиғатпен біртұтас тіршілік етеді. Өзін-өзі тәрбиелемей жеке тұлға қалыптаспайды. Өзін-өзі тәрбиелеу кезінде адам өзінің білімін дамытады. Өздігінен білім алу алған білімін игерудің өзіндік жүйесін жасау, өзін дамытушы жүйе құру. Өздігінен білім алу білімді дамытушы қозғаушы күш болып табылады. Өздігінен оқу - адамзат тәжірибесін өзінің ықыласымен, өзі таңдаған әдіспен игеру үрдісі. Өздігінен білім, тәрбие алу, оқу адамның ішкі жандүниесінің қажеттілігінен туындап, өздігінен дамуға өзін жетілдіруге тұлғаны бағыттайды.
Өзін-өзі жетілдіру	Өзін-өзі жетілдіру — өзімен тұрақты түрде жұмыс жүргізу, ерік-жігерінді жетілдіру мен қалыптастыру. Бұл процесте адам өзінің жеке ынта-жігерлерін орындауға ұмтылып, оларға қол жеткізу үшін үнемі жаңа білімдер алып отырады. Бұл үдеріс өмірде табысқа жетудің негізгі себебі болып табылады.
Өзін-өзі дамыту	Өзін-өзі дамыту – адам өз мүмкіндіктерін жетілдіру және өзін тұлға ретінде жүзеге асыру үшін тек моральдық және физикалық ресурстарды пайдалана отырып, ешбір сыртқы қолдаусыз жүзеге асыратын саналы процесс. Осыларсыз өзін-өзі дамыту мүмкін емес: - нақты мақсаттар қою; - сенімдері бар; - орнатуларды қосу қосулы әрекет.
Кәсіби өзін-өзі дамыту	А.К.Маркова Кәсіби өзін-өзі дамыту – бұл тек позитивті өзгерістер; даму-бұл кез-келген өзгерістер: позитивті де, жағымсыз да, регрессивті де, прогрессивті де [11]. В.И.Андреев кәсіби өзін-өзі дамыту ретінде «анағұрлым жалпы заңдылығы оның даму жағдайынан өзін-өзі дамыту ауысуы болып табылатын жүйенің мақсатты өзгеру процесін және нәтижесін» түсінеді [12].

Білімалушылардан 23 сұрақтан тұратын тест сұрақтары алынды. Білімгерлерге әр сұраққа бес нұсқадан тұратын жауап ұсынылды.

Алынған жауаптардың нәтижелері ұпайларға ауыстырылды. Сұрақтарға жауап: «а»=5 балл, «Ә»=4 балл, «Б»=3 балл, «В»=2 балл, «Г»=1 баллмен белгіленеді

Жиналған ұпайлар санын кестеде берілген ұпайлар санын есептеп, онда кестеде берілген 30-100 балл аралығында алынады.

Жеке тұлғаның кез-келген қасиетін, оның ішінде бәсекеге жаңа қосымша білімдер алуға қабілеттілік деңгейін дамыту жолын белгілеу үшін оның деңгейін анықтау қажет. Бұл міндетті шешу үшін деңгейлік тәсіл теориясын басшылыққа алдық. Жүйелілік тұтастықты жетілдіру өзгерістің күрделі ағымдарын, ең алдымен бір-біріне байланысты даму дәрежесінің бірізділігін

көрсетеді. С.Л. Рубинштейн жанама түрде басқалардан ерекшеленетін әрбір осындай қадам салыстырмалы тұтастықтың білдіретінін атап өтті, сондықтан оны айырықша тұтастық ретінде сипаттауға болады [13].

Деңгей – белгілі бір объект немесе процесс кешендерінің «жоғары» және «төменгі» даму сатыларының қатынасын анықтайды.

Кесте 2 - «Жеке тұлғаның жаңа қосымша білімдер алуға қабілеттілік деңгейін бағалау» деңгейі

Балл	Тұлғаның бәсекеге жаңа қосымша білімдер алуға қабілеттілік деңгейі
43-80	1-төмен
81-110	2-орташа
110-жоғары	3-жоғары


Осылайша, белгіленген критерийлерге сүйене отырып Жеке тұлғаның жаңа қосымша білімдер алуға қабілеттілік деңгейлері келесідей анықталды: Жоғары, орташа, төмен.

Кесте 3-«Жеке тұлғаның жаңа қосымша білімдер алуға қабілеттілік деңгейін бағалау» деңгейінің сипатталуы.

Деңгей	Жеке тұлғаның бәсекеге жаңа қосымша білімдер алуға қабілеттілік деңгейінің сипаттамасы			
	Өзін-өзі тәрбиелеу	Өзін-өзі жетілдіру	Өзін-өзі дамыту	Кәсіби өзін-өзі дамыту
Жоғары	Танымдық белсенділіктің жоғары болуы. Кәсіби өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік.	Кәсіби өзін-өзі дамыту процесінің мәнін түсіну. Қосымша кәсіби білім алуға деген жоғары ынта, талпыныс. Қосымша ақпарат іздеуге ішкі қажеттілік.	Өзін-өзі сараптау, өзіндік қызметтегі қиыншылықтарды анықтау, себеп-салдарын зерттеу, болдырмаудың жолын іздестіру.	Қосымша білім алып өзін-өзі дамыту процесін жақсы білу. Өзін-өзі дамытудың жодарын іздеу.
Орташа	Өзін-өзі дамыту процесі жөнінде білім алуға қосылу, оның маңызыдылығын түсіну, бірақ оған қол жеткізік жолдарын білмеу.	Өзін-өзі жетілдіру процесі жайлы үстіртін білу. Қажетті ақпаратты іздеуде белсенділік танытпау.	Өзін-өзі дамытуға сенімсіздік таныту. Уақытын тиімсіз пайдалану. Бастаған ісін көп жағдайда аяқтамау.	Өз жұмысының құрылымын сараптай алу. Өз әрекеттерін бағалай білуге және талдай білуге тырысу.
Төменгі	Жағдайға байланысты оқу мотивациясы, кәсіби өсуге ұмтылыстың төмендігі.	Жаңа қосымша білімдер алуға қызығушылықтың болмауы. Жаңа білім алуға белсенділік пен ынтаның болмауы.	Бәсекеге қабілеттілігінің жоқтығы. Өзін-өзі дамуын жобалай алмауы. Танымдық белсенділігінің төмендігі.	Кәсіби өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысының болмауы, маңызыдылығын да түсінбеу.

НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАУ

Бұл тестті жүргізудің себебі, жоғары оқу орындарында оқитын болашақ мамандардың өздігінен қосымша білім алуға деген даярлығын қалыптастырудағы өзіндік іс-әрекетті, өзіндік оқу және өзіндік жұмыстарды бірізді, шығармашылықпен орындаудағы қабілеттілігін байқау болып табылады. Себебі болашақ маманның өз кәсібіне, өз кәсіби іс-әрекетіне және қосымша білімге деген ынта, қызығушылық болғанда ғана, оларды жоғары деңгейде орындауға мүмкіндігі жететін болады.




Сурет 3 - «Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау» әдісінің көрсеткіштері

Суреттен көріп отырғанымыздай, тәжірибе жұмысына қатысқандардың нәтижелері бойынша жоғары деңгейді көрсеткендер болмады. Осыған бейресми білім алудың жолдарын меңгере алмауы, немесе әлі де психологиялық тұрғыда дайын болмауын, әлде ресми біліммен туыстас жаңа білімдер жүйесін анықтай алмауы, тіпті өз уақытын дұрыс жоспарлай білмеуі себеп болуы мүмкін.

Жүргізілген тәжірибелік жұмысты төмендегідей қорытындыладық:

- кәсіби өздігінен білім алуға ынтасы мен қызығушылығының төмен болуы;
- өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару, өзін-өзі дамыту, өз білімін жетілдірудің төмен деңгейі;
- кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға қызығушылығының төмендігі.

Осылайша болашақ мамандардың кәсіби өздігінен білім алуға деген деген даярлығын қалыптастырудың бастапқы жай-күйіне талдау жасалды.



Сурет 4 - Жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілік деңгейінің көрсеткіштері

Кәсіби өзін-өзі дамыту тиімді болады. Егер:

- А) Білім беру саласындағы студенттердің өзіндік қызметі өзін -өзі тәрбиелеудің мақсатты жүйесі арқылы жүзеге асырылатын болса;

Ә) Өзін-өзі реттеуді қалыптастыру бойынша өзін-өзі оқыту әдістерін меңгеруде студенттерге мақсатты біліктілік психологиялық-педагогикалық түзеу көмегі жүзеге асырылатын болса;

Б) Студенттердің өзін-өзі дамыту процесін педагогикалық қамтамасыз ету жоғары кәсіби қойылған болса.

Сондықтан, болашақ маманның кәсіби және жеке өзін-өзі дамытуы білім беру процесін талдай отырып, оның механизмдерін қарастыру қажет. Бүгінде кәсіби өзін-өзі дамытудың басты механизмі адамның өзіне бағытталған әсері ретінде қайшылықтарды шешу, адамның үнемі күрделене түсетін шығармашылық міндеттерін шешу деп санайды [14].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі білім беру жүйесіндегі жоғары педагогикалық оқу орнында ресми және бейресми білімді кіріктірудің маңыздылығы мен оларға қатысушылардың психологиялық дайындығының төмен болуы сияқты түйткілдер бар екендігі мәлім. Оның себебі студенттер, магистрантта ұзақ жылдар бойы ресми білім беру жүйесіне бір ғана мамандықты игеруге бағытталады. Ал бүгінгідей жылдам дамитын қоғамда жаңа құзыреттіліктерді игеру өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан, болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін кіріктірудің жүзеге асуы жөн. Бұл кіріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті маман даярлау мен қалыптастыру мәселесін шешеді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі ресми және бейресми білімді меңгеру кәсіби маманның интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай ресми және бейресми білімді меңгеру білікті маман қалыптастыруға қойылатын негізгі талап болып отыр. Демек, мамандарды кәсіби даярлауға байланысты жоғары оқу орындарында ресми және бейресми білім алуы қоғам дамытуға даярлығы сұранысының өсуі деп санау қажет. Бұл дегеніміз мамандардың кәсіби даярлығын дамытудағы сапаның талаптардың артуы мен оның ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздерінің жеткіліксіз зерттелуі және арнайы оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыздандырылмауы арасында қарама-қайшылықтар бар екендігі анық байқалады.

Заманауи ақпараттық қоғамға өздігінен дербес, сыни тұрғыда ойлайтын, туындаған проблемаларды көре білетін және оларды шығармашылықпен шеше алатын адамдар қажет. Ол өздігінен белсенді әрекет етуге, шешім қабылдауға, өмірдің өзгермелі жағдайларына икемді бейімделуге қабілетті болуына мүдделі. Сондықтан қазіргі қоғамдағы білім берудің мақсаты – адамды интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыда дамыту. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін болашақ маманның, қай салада нақты қандай жұмыс атқарғысы келетінін білу, оған қолайлы жағдайлар жасау ресми және бейресми білімді ұйымдастырудағы білім жүйесінің стратегиялық бағыты болуы тиіс. Оған оқу үдерісінің тиімділігі, сабақтардың жүйелілігі мен сапасы, бағдарламаның орындалу барысы, білімнің тереңдігі және бүкіл оқу-тәрбие жұмысының дұрыс жоспарлануы игі ықпал етеді. Сондай-ақ, болашақ маманның кәсіби бейімделу аясын да анықтаған жөн.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты қалыптасқан маман болу мүмкін емес. Себебі, жаңа технологияны меңгеру - оқытушының кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Өздігінен білім алу жеке бастың қасиеті, саналы іс-әрекеті болып табылады. Адам тек өздігінен саналы түрде, сауатты болуға ұмтылуы керек. Сонда ғана алған білім, жинақтаған тәжірибесі бойына дұрыс сіңеді. Бүгінде, біліктіліктің кейбір түрлері, атап айтсақ ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану саласындағы сауаттылықты арттыру да бейресми білімдер жинақтау арқылы мүмкін болады. Олардың қысқа мерзімді курстар, коучтар, вебинарлар сияқты формаларын ресми біліммен қатар қолдану бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Осыған байланысты жаңа технология-

ларды қолдануда шетел тілін меңгеру бұрынғыға қарағанда маңызды болып отыр. Оқу, өзгерістерге ілесе оқу, ақпараттық ағынға ілесу - бұл әрбір маманның алуға тиіс кәсіби құзіреттілігі.

А.Н. Тесленко өзінің ғылыми еңбегінде, «Уақытты жоғалтпау» қажеттілігі өзін-өзі жетілдірумен тығыз байланысты, тұлға алға ұмтылуда өзін таба білу керек. Бұл қажеттілік қанағаттандырудың бір ғана жолы ол үздіксіз өздігінен білім алу деп қарастырған [15, б. 196].

Бізде осы пікірге қосыла отырып, қазіргі адамдардың жаңа білімдерге ден қоюы өркениетті жылдам дамитын қоғамның талаптарына туындайтын құбылыс деген болар едік. Бұл мәселені шешуде білімнің жеке құндылығын арттыра отырып, жоғары оқу орындарында ресми және бейресми білімді кіріктіруді қамтамасыз етуімен байланыстырамыз. Сонда мұндай білім алу жолындағы субъектілердің өз өмірлік қажеттіліктерін өздерінің қанағаттандыру мәселесін шешу орын алады. Бұдан қоғамның да, тұлғаның да ұтары көп.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Иманчиев Ж.Е., Шаумен Г. *Professionally-significant Features of Master's Studies Graduates of Social Specialities and the Model of Their Formation // Middle-East Journal of Scientific Research.* – 2013. - №17(2). – P. 177-181.

2 Warner K. Schaie, Sherry L. Willis. *Handbook of the Psychology of Aging.* - Academic Press, 2010. – 419 p.

3 Кулюткин, Ю.Н. *Психология обучения взрослых / Ю.Н. Кулюткин.* - М.: Просвещение, 1985. - 128 с.

4 Knowles M.S. *Andragogy, not pedagogy // Adult Leadership.* - 1968. - №16(10). – P. 350-352.

5 Imasheva T. Tolebekova R. Imashev A. et.al. *Scientific comparative analysis of professional Self-Development of future social pedagogue in Kazakhstan and abroad // Cypriot Journal of educational Sciences.*- 2021.-Vol.16, Issue 4.- p.1947-1955

6 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. *Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений/ Российская АН.; Российский фонд культуры;*-3-е изд., стереотипное. - М.: АЗЪ, 1996. – 928 с.

7 *Словарь русского языка: В 4 т. - М., 1988. - Т.4. - С. 21*

8 Советканова Д.М. *Үздіксіз білім беру жағдайында жүйесінде ересектерді оқыту ерекшеліктері // Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы, Абай атындағы ҚазҰПУ.* - 2019. - №1(61). – Б. 247-250.

9 Rogers A. *Teaching Adult.* – Buckingham and Philadelphia: Open University Press, 1998. - 249 p. – 3rd ed. 2002.

10 Оспанова Б.А. *Технология формирования креативности будущего специалиста в условиях университетского образования: учеб.метод.пособие.* - Туркестан, 2004. – 140 с.

11 Маркова А.К. *Формирование мотивации учения в школьном возрасте: пос.- М.: Просвещение, 1983.- 96с.*

12 Андреев В.И. *Педагогика: учеб.курс для творческого саморазвития.- изд.2-е.-Казань: Центр инновационных технологий, 2000.-608с.*

13 Рубинштейн С.Л. *Проблемы общей психологии.-изд.2-е.-М.: Педагогика, 1976.- 416с.*

14 Имашева Т.Б., Толубекова Р.К., Ишанов П.З. *Болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби өзін – өзі дамытудың тұлғалық теориясы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі.-2018.-№4 (60).- Б.259-263*

15 Тесленко А.Н. *Педагогика. Учебное пособие для магистрантов.* - Астана: ЕАГИ, 2010. - 465 с.

References

- 1 Imanchiev J.E., Shaymen G. Professionally-significant Features of Master's Studies Graduates of Social Specialities and the Model of Their Formation // *Middle-East Journal of Scientific Research*. – 2013. - №17(2). – R. 177-181.
- 2 Warner K. Schaie, Sherry L. Willis. *Handbook of the Psychology of Aging*. - Academic Press, 2010. – 419 p.
- 3 Kýlytkin, Iý.N. *Psihologua obýchenua vzroslyh / Iý.N. Kýlytkin*. - M.: Prosveenie, 1985. - 128 s.
- 4 Knowles M.S. *Andragogy, not pedagogy // Adult Leadership*. - 1968. - №16(10). – R. 350-352.
- 5 Imasheva T. Toleubekova R. Imashev A. et.al. *Scientific comparative analysis of professional Self-Development of future social pedagogue in Kazakhstan and abroad // Cypriot Journal of educational Sciences*.- 2021.-Vol.16, Issue 4.- p.1947-1955
- 6 Ojegov S.I., Shvedova N.Iý. *Tolkovyi slovar rýsskogo iazyka: 80000 slov i frazeologicheskikh vyrajenu/ Rossuskaia AN.; Rossusku fond kýltýry; -3-e izd.,stereotipnoe*. - M.: AZB, 1996. – 928 s.
- 7 *Slovar rýsskogo iazyka: V4t. - M., 1988. - T.4. - S. 21*
- 8 Sovetkanova D.M. *Úzdiksiz bilim berý jaǵdaynda jútesinde ereskerterdi oqytý erekshelikleri // Habarshy «Pedagogika ǵylymdary» seruiasy, Abai atyndaǵy QazUPÝ*. - 2019. - №1(61). – B. 247-250.
- 9 Rogers A. *Teaching Adult*. – Buckingham and Philadelphia: Open University Press, 1998. - 249 p. – 3rd ed. 2002.
- 10 Ospanova B.A. *Tehnologua formirovaniua kreativnosti býdýego spetsialista v ýslovuah ýniversitetskogo obrazovaniua: ýcheb.metod.posobie*. - Týrkestan, 2004. – 140 s.
- 11 Markova A.K. *Formirovanie motivatsii ýcheniua v shkolnom vozraste:pos.*- M.: Prosveenie,1983.- 96s.
- 12 Andreev V.I. *Pedagogika: ýcheb.kýrs dlia tvorcheskogo samorazvitiua.- izd.2-e.-Kazan: Tsentr innovatsionnyh tehnologii,2000.-608s.*
- 13 Rýbinshtein S.L. *Problemy obei psihologu.-izd.2-e.-M.: Pedagogika,1976.- 416s.*
- 14 Imasheva T.B., Toleýbekova R.K. , Ishanov P.Z. *Bolashaq áleymettik pedagogtyń kásibi ózin – ózi damytýdyń tulǵalyq teoriasy // Qazaqstannyń ǵylymy men ómiri.-2018.-№4 (60).-B.259-263*
- 15 Teslenko A.N. *Pedagogika. Ýchebnoe posobie dlia magistrantov*. - Astana: EAGI, 2010. - 465 s.